

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жөнілдету және қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қантардағы N 70 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жөнілдету және қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министри
Жоба*

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық

**іс жүргізу кодекстеріне және Қазақстан Республикасының
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу
рәсімдерін жөнілдету және қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық
сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы"**

1. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж ., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат) :

1) 48-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
"Бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға, жеке адамға қарсы ауыр қылмыстар мен

аса ауыр қылмыстарды қоспағанда, үкім шығарған сәтте алпыс жасқа толса, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.";

2) мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:

"60-1-бап. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасалған жағдайда жаза тағайындау.

Айыпталушының тағылған айып көлемімен келісуі туралы прокурор мен екеуінің арасында акт жасалған жағдайда, соттың прокурор ұсынған жазадан қатаң жаза тағайындауға құқы жоқ. Жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған кезде тағылған айып көлемімен келісу туралы келісім жасалмайды.";

3) 62-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Үкім занды қүшіне енгенге дейін үйінде қамап ұстау бас бостандығынан айыру, қамау түріндегі жаза мерзімінің бір күніне екі күн, бас бостандығын шектеу түрінде ұстауга - бір күніне бір күн, түзеу жұмыстары мен әскери қызмет бойынша шектеуге - екі күніне бір күн, ал қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау мерзіміне - қоғамдық жұмыстардың екі сағаты үйден шығуға тыйым салуда ұсталған бір күн есебімен есептеледі.";

4) 79-баптағы бірінші бөліктің д) тармақшасы алынып тасталсын; алтыншы бөлігі алынып тасталсын;

5) 81-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"81-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату.

1. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адам, егер оны түзеу қылмыстық жауаптылыққа тартусыз мүмкін деп белгіленсе сот оны қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін сотталған кәмелетке толмаған адам, егер оны түзеуге осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізуғе болады деп танылса, сот оны жазадан босатуы мүмкін.";

6) 8 4 - б а п т а :

а) тармағында "үштен" деген сөз "төрттен" деген сөзбен ауыстырылсын;
б) тармағында "жартысын" деген сөз "үштен бірін" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) т а р м ағ ы н д а :

"үштен екісін" деген сөздер "жартысын" деген сөзбен ауыстырылсын;
"аса ауыр қылмысы" деген сөздердің алдында "адам өміріне қол сұғумен үштаспаған" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:
"г) адам өміріне қол сұғумен үштасқан аса ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған

жазаның кем дегенде үштөн екісін";

7) 104 - бапта :

бірінші бөліктегі екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе алты айға дейін қамауға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады";

екінші бөліктегі екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады";

8) 106 - бап алынып тасталсын;

9) 108-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"108-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі (аффект) жағдайында зиян келтіру

Денсаулыққа кенеттен пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған, жәбірленушінің тарапынан зорлық жасауға, қорлауға немесе ауыр тіл тигізуге, не жәбірленушіні өзге құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты, сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайда қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру, -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыра

жазаланады . " ;

10) 111-баптың үшінші бөлімі алынып тасталсын;

11) 115-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"115-бап. Жыныстық ауруды жүқтыру

Өзінде жыныстық ауруы бар екендігін білген адамның екі немесе одан да көп адамға не көрінеу кәмелетке толмаған адамға жүқтыруы,-

бес жұз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппул салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

12) 154 - бап алынып тасталсын;

13) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Өкіметті күшпен басып алу немесе өкіметті күшпен ұстап тұру не шетел мемлекетінің, шетел ұйымның немесе олардың өкілдерінің Қазақстан Республикасының үәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзырына енетін өкілдіктерді жүзеге асыруы

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып өкіметті күшпен басып алуға немесе өкіметті күшпен ұстап тұруға бағытталған, сол сияқты Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылышын құштеп өзгертуге бағытталған іс әрекеттер , -

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Шетел мемлекетінің, шетелдік ұйымның немесе олардың өкілдерінің Қазақстан Республикасының, оның үәкілетті органдарының немесе лауазымды адамдарының құзыретіндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы,-

бір мың айлық есептік көрсеткіштен бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

1 4) 1 7 5 - б а п т а :

бірінші бөлігі "екі жылға дейінгі" деген сөздерден кейін "немесе үш жылға дейін бас бостандығынан шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

15) 177-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

16) 182-баптың үшінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

17) 183-баптың үшінші бөлігінде "үш жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

18) 185-баптың екінші бөлігінде екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейін бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

19) 186-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"186-бап. Жерге заттай құқықтарды бұзу

1. Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мұдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан, күш қолдану арқылы не күш қолданумен қорқыту арқылы немесе адамдар тобымен, немесе заңсыз тінтумен ұласып жасалған бөтен жер участкесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтеннің жер участкесін заңсыз басып алу,-

екі жүзден бес жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі айдан төрт айға дейін қамауға алуға немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адамның өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекеттері,-

бес жұз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

2 0) 1 8 7 - б а п т а :

бірінші бөлігі "бас бостандығынан айыруға" деген сөздерден кейін "немесе сол

мерзімге бас бостандығын шектеуге" деген сөздермен толықтырылсын; екінші болігі "қамауға," деген сөзден кейін "не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

21) 193-баптың екінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

22) 196-баптың екінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

23) 208-баптың екінші болігі "Акциздік алымның" деген сөздердің алдында "Едәуір залал келтіруге әкеп соққан" деген сөздермен толықтырылсын;

2 4) 2 0 9 - б а п т а :

бірінші болігіндегі екінші абзацы "айыппұл салуға" деген сөздерден кейін "мұлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші болігіндегі "екі жылдан" және "немесе онсыз" деген сөздер алынып тасталсын;

25) 242-баптың екінші болігі "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін ", не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу," деген сөздермен толықтырылсын;

2 6) 2 5 7 - б а п т а :

бірінші болігі "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші болігіндегі "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 275-баптың екінші болігіндегі екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

28) 281-баптың үшінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

29) 282-баптың үшінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

30) 283-баптың үшінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

31) 285-баптың үшінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

32) 286-баптың екінші болігіндегі "екі жылдан" деген сөздер алынып тасталсын;

33) 299-баптың бірінші болігі "айыппұл салуға," деген сөздерден кейін "не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

34) 312-баптың ескертуі мынадай мазмұндағы 3-бөлікпен толықтырылсын:

"Осы бапта қолданылатын лауазымды адамдарға осы Кодекстің 307-бабының ескертуінде көрсетілген лауазымды адамдар, сондай-ақ шет мемлекеттердің лауазымды а д а м д а р ы ж а т а д ы " ;

35) 370-баптың бірінші болігі "жазаланады" деген сөзден кейін "екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 372-баптың бірінші болігіндегі "екіден" деген сөз "бестен" деген сөзben а у ы с т ы р ы л с ы н ;

37) 375-баптың бірінші бөлігінде "бір жылдан" деген сөздер алғыншып тасталсын;
38) 380-баптың бірінші бөлігі "әскери қызметшілердің (азаматтардың) немесе ұйымдардың құқықтары мен занды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғуы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

39) 391-баптың екінші бөлігінде "екі жылдан" деген сөздер алғыншып тасталсын.

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж. N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 44) және 45)-тармақтармен толықтырылсын:

"44) сезіктің ұстасу - қылмыс жасады деген сезік бойынша анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың адамды нақты ұстасу сәтінен кемінде 72 сағат мерзімге қолданатын процесуалдық мәжбірлеу шарасы;

45) нақты ұстасу сәті - қылмыстық жасалуына сезікті адамды осы Кодекспен белгіленген тәртіpte жүргізілетін жүріп-тұру бостандығынан нақты айыру сәті.";

2) 33-баптың бірінші бөлігінде "112" деген сан алғыншып тасталсын;

3) 37-баптың бірінші бөлігіндегі 5-тармақта ", Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушінің құдіктімен немесе айыпталушымен татуласуы" деген сөздер алғыншып тасталсын;

4) 38-баптың бірінші бөлігінде "жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабында көзделген жағдайларда адамды қылмыстық жауаптылықтан босата қылмыстық істі қысқартуға" деген сөздер "қылмыстық іс қозғамауга, ал қозғалған қылмыстық істі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 67-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларда жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, тоқтатуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 39-баптың бірінші бөлігінде ", 5,7,8" деген сандар алғыншып тасталсын;

6) 48-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бірнеше қылмыстық іс біріктірілген жағдайда олар бойынша өндіріс алдын ала тергеу мерзімі неғұрлым ұзақ қылмыстық іс бойынша анықталады. Бұл ретте қалған қылмыстық істер бойынша өндіріс мерзімі неғұрлым ұзақ мерзіммен ауыстырылады және қосымша ескерілмейді. Егер біріктірілген істердің біреуі бойынша жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу немесе үйінде қамауда ұстасу қолданылса, тергеу мерзімі аталған жолын кесу шаралары қолданылған іс қозғалған күннен бастап есептеледі.

Бірнеше қылмыстар бір өндіріске біріктірілген жағдайда олар бойынша алдын ала тындауды өткізу мерзімі сотқа соңғы іс түсін күннен бастап есептеледі.";

7) 49-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бөлектелген іс бойынша іс жүргізудің мерзімі негізгі қылмыстық іс қозғалған кезден бастап есептеді.";

8) 72-баптың үшінші бөлігінде "ұзақ мерзім (кемінде бес тәулік)" деген сөздер "қырық сегіз сағат" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 75 - б а п т а :

бесінші бөліктегі "қаралады" деген сөз "қаралуы мүмкін" деген сөзben ауыстырылсын;

алтыншы бөлігі "өкілі болуына" деген сөздерден кейін "одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық қудалау органы алған немесе өзі берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алынған оған тиісті мүлікті алуға, оған тиісті құжаттардың түпнұсқауларын алуға; заңмен көзделген жағдайларда сезіктімен, айыпталушымен ымыраласуға;" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 109-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың ережелеріне сәйкес шығарылған сот қаулысына оны жариялаған сэттен бастап үш тәулік ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар шағым беруі, сондай-ақ анықтау немесе алдын ала тергеу кезінде заңың бұзылғандығына шағымдарды қарау жағдайларын қоспағанда, прокурор қаулыны шығарған судья қызмет ететін сот арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа наразылық білдіруі мүмкін. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін іс шағыммен, наразылықпен қоса бұл туралы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға және прокурорға хабарлау арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген ережелер мен мерзімдерді сақтай отырып, шағымды, наразылықты қарайды және мына шешімдердің бірін шығарады: шағымды, наразылықты қанағатсыз қалдыру және қалалық (аудандық) сот судьясының қаулысын өзгеріссіз қалдыру; шағымды, наразылықты қанағаттандыру және қалалық (аудандық) сот қаулысының күшин жою.";

11) 116-баптың үшінші бөлігі мынандай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Күә ретінде алдын-ала жауап алу барысында сезіктінің, айыпталушының берген көрсетулері дәлел ретінде танылмайды және айыптау негізіне алынбайды";

12) 134-баптың бірінші бөлігінде "Ұсталған адамды анықтау органына немесе алдын ала тергеу органына әкелгеннен кейін" деген сөздер "Накты ұстau сәтінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 152-бап мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктіні, айыпталушыны тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін бір тергеу изоляторынан басқа тергеу изоляторына ауыстыру (этаптау) прокурордың қаулысы бойынша немесе прокурор санкцияландырған анықтаушының, тергеушінің қаулысы бойынша жүзеге асырылады."

- 14) 153-бап мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:
- "12-1. Шет мемлекет Қазақстан Республикасына іздестірудегі адамды берген жағдайда қамауға алу мерзімі оның Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап есептеледі. Бұл ретте адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамау тәртібімен қамауда ұстau уақыты оны берген жағдайда жазаны тағайындау кезінде жалпы қамауда ұстau мерзіміне есептеледі.";
- 15) 161-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:
- "Осы Кодекстің 232-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда мүлікке тыйым салу прокурордың санкциясыныз, бірақ, жиырма төрт сағаттың ішінде оған мүлікке тыйым салу жүргізілгені туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады."
- 16) 162-баптың бірінші бөлігі "мүліктік" деген сөзден кейін "және моральдық" сөздермен толықтырылсын:
- "5. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған кезде тергеу алдындағы тексеру барысында табылған заттар мен құжаттар туралы мәселе осы Кодекстің 121-бабындағы үшінші бөлімнің ережелері бойынша шешіледі.";
- 17) 188-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:
- "4. Қылмыс туралы хабарды немесе арызды тергелуіне немесе сотталуына қарай беру кезінде оқиға болған жерді немесе үй-жайды қарау кезінде табылған, не ұйымдар, лауазымды адамдар не азаматтар берген заттар мен құжаттар осы Кодекстің 223-бабының бесінші бөлігінде көзделген тәртіpte беріледі.";
- 18) 192 - б а п т а :
- е к і н ш і б ө л і г і н д е :
- "142" деген сан "142 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
- "145 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "145 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
- "186 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "186 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
- "188 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алынып тасталсын;
- "262 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алынып тасталсын;
- "266 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алынып тасталсын;
- "296 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алынып тасталсын;
- "319-322" деген сандар "319, 320 (екінші бөлігінде), 321, 322" деген сөздермен ауыстырылсын;
- "327 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер "327 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
- "176-баптың (екінші және үшінші бөліктерінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша" деген сөздерден кейін "209 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген

сөздермен

толықтырылсын;

"218" деген саннан кейін "224" деген санмен толықтырылсын;

"223 (екінші бөлігінде)" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлігінде:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің" деген сөздерден кейін "176" (екінші және үшінші бөліктерінде) деген сөздермен толықтырылсын;

"191-205" деген сандар (191-197, 199-205)" деген сандармен ауыстырылсын;

"207" деген саннан кейін "209 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"222 (екінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін "224" деген санмен толықтырылсын;

"223 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші бөлігінде:

"176 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер алынып тасталсын;

"209 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер алынып тасталсын;

"224" деген сан алынып тасталсын;

"227" деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-2 бөлікпен толықтырылсын:

"4-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 227-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық істі қозғаған ішкі істер, қаржы полициясы немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.";

19) 223-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Есірткі құралдары немесе психотроптық заттар не прекурсорлар болып табылатын заттай дәлелдерге сот сараптамаларын жүргізгеннен кейін, егер оларды мақсаты бойынша пайдалану немесе өткізу үшін тиісті ұйымдарға беру мүмкін болмаса, қайта және қосымша сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін жеткілікті ұлгілерінен басқасы фотосурет немесе бейнежақба құралдарымен түсіріп алынып, жойылуы тиіс.";

20) 280-баптың екінші бөлігінде "куәландыратын" деген сөз "растайтын" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 285 - бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көрінеу қылмыстар туралы және осы баптың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндettі емес және анықтау материалдары істі сотта қарауға негіз болып табылады. Орындаушысы оны жасағаннан кейін ұсталған немесе қуәгерлер, оның ішінде жәбірленуші осы адамды қылмыс орындаушысы ретінде көрсетсе, не сол адамда, оның киімінде, өзімен бірге немесе оның тұратын жерінде қылмыстың орындаушысы (оған қатысушы) деп ойлауға негіз беретін қылмыс іздері табылса, қылмыс көрінеу деп танылады. Жеке тұлғаларға қарсы

ауыр және аса ауыр қылмыстары, сондай-ақ кәмелетке толмағандар, дене және психикалық кемістіктеріне байланысты өзінің қорғану құқығын жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстар және бір адам жасаған бір немесе одан да көп қылмыстар жиынтығы көрінеу қылмыс болып табылмайды, көрінеу қылмыстар туралы істерді тергеу осы баптың ережелері бойынша және айыпталушы өз кінәсін толық; көлемде

м о й ы н д а ғ а н д а

жүргізіледі. ";

екінші бөлігінде :

"106" деген сан алынып тасталсын;

"141 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін "(142 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен

толықтырылсын;

"145 (бірінші бөлігінде), 175 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"185 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "185 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"186 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "186 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"187 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "188 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"262 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "262" деген санмен ауыстырылсын;

"266 (бірінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "266" деген санмен ауыстырылсын;

"296 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер" "296" деген санмен ауыстырылсын;

"317," деген саннан кейін "320 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"327 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "327 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігіндегі "222 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін "223" деген санымен толықтырылсын;

8-1-бөлігіндегі "223 (бірінші бөлігі)" деген сөздер алынып тасталсын;

22) 315-баптың екінші бөлігіндегі 1) тармақшада "ауырлығы шағын" деген сөздерден кейін "және орташа" деген сөздермен толықтырылсын;

2 3) 3 2 2 - б а п т а :

екінші бөлігінде "алты" деген сөз "төрт" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде "он екі айға дейін" деген сөздер "алты айға дейін, ал аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша он екі айға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлігі алынып тасталсын;

24) 363-баптың бірінші бөлігінде "Ауыр емес" деген сөздердің алдында "Көрінеу қылмыстар туралы және" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 448-баптың бесінші бөлігінде "444" саны "423-1" санымен ауыстырылсын;
26) 459-баптың екінші бөлігі 1) тармақшасындағы "446" деген сан "423-3" санмен
ауыстырылсын;

27) он екінші бөлім мынадай мазмұндағы 53-1-тараумен толықтырылсын:
"53-1. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасалған қылмыстық істер
бойынша

өндіріс

504-1-бап. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт

1. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт прокурор мен айыпталушының
арасындағы келісім болып табылады, ол бойынша айыпталушы тағылған айыппен
келісіп, жазаны жеңілдешу үшін қылмыстық қудалау органдарымен ынтымақтастықты
жүзеге асырады.

2. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт міндетті түрде айыпталушының
қорғаушысының қатысуымен жазбаша түрде жасалады.

3. Тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні қылмыстық қудалау органының не
кінәлі адамның немесе оның қорғаушысының бастамасымен кінәліден сезікті ретінде
жауап алған кезден бастап он тәуліктен кешіктірмей жасайды, прокурор бұл ретте
актіні жасай отырып, кінәлі адамға (айыпталушыға) тиісті айып (жаңа айып) тағады.

4. Соттың тағылған айыптың көлемімен келісу туралы келіссөзді ұсынуға және
қатысуға, сондай-ақ тағылған айыптың шегінен шығуға және тағылған айып көлемімен
келісу туралы актіде көзделген жазадан қатаң жаза тағайындауға құқы жоқ. Сот
тағылған айыптың көлемімен келісу туралы акт заңға сәйкес, ерікті түрде,
қорғаушының қатысуымен жасалғандығын, айыбын растайтын дәлелдердің
жеткіліктілігін анықтауға міндетті. Осы жағдайларға байланысты сот тағылған
айыптың көлемімен келісім туралы актіні қабылдауы мүмкін немесе қабылдамайды.

5. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасалған жағдайда қылмыстық істі
тергеу осы Кодекстің 285-бабында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі, бұл ретте
тергеуші, анықтаушы қылмыстық іс қозғалғаннан кейін қылмыстың жасалуын бекіткен
іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен, криминалистік зерттеу анықтамаларымен
немесе сарапшының қорытындысымен, келтірілген залалдың немесе ұрланған мүліктің
құны туралы анықтамамен, келтірілген залалды өтеу жөнінде шаралар қабылдаумен;
психоневрологиялық диспансердің анықтамасымен, кінәлі адамның бұрын
сottалғандығы туралы сотқа ұсынылуы тиіс анықтама талап етумен; кінәліден,
жәбірленушіден, куәгерлерден көрсетулер алумен шектелуге құқылы. Куәгерлер көрген
қылмыстарды тергеу кезінде бұлтартпау шарасын таңдау тергеу амалдарының және
өзге де іс-шараларының өндірісі осы Кодекстің жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге
асырады.

504-2-бап. Тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні ұсыну мен оны
жасасудың шарттары

1. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт мына жағдайларда:

- а) айыпталушиның тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні жасауға өз еркімен тілек білдіргенде;
- б) айыпталушиның өз кінәсін толық көлемде, соның ішінде талап ету шарттары бойынша мояндады;
- в) айыпталушиның соттың істі қысқартылған тәртіpte қарауына дейін немесе сотта өз еркімен тілек білдіргенде;
- г) топ болып қылмыс жасаған жағдайда - айыпталушиның басқа қылмысқа қатысушыларға байланысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға көмек көрсетуге өз еркімен тілек білдіргенде жасалады.

2. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасалған жағдайда айыпталуши осы Кодекспен бекітілген барлық процессуалдық құқыққа ие, оның ішінде:

- а) тағылған айып көлемімен келісу туралы актіден бас тартуға;
- б) оны қорғаудың барлық қажетті кепілдіктерімен қамтамасыз ете отырып, заңды түрде оның кінәсі дәлелденгенге дейін кінәсіздік презумпциясын пайдалануға құқылы.

3. Тағылған айып көлемімен келісу туралы келісімді жасаған кезде прокурор қорғаушының қатысуымен айыпталушиға іс бойынша оны қызықтыратын барлық сұрақтарға, оның ішінде мыналарға:

- а) тағылған айып көлемімен келісу туралы айыпталушымен акті жасалған жағдайда прокурордың соттан сұрайтын ең үлкен жазасы;
- б) тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасасқан жағдайда, өзіне тағылған қылмыс туралы тек шындық жауаптар беретіндігі туралы және басқа адамдарға қатысты көрінеу жалған ақпараты үшін бұл жауаптар басқа процесте өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы айыпкердің міндеттері;
- в) егер шартты жаза тағайындалып, сотталуши тиісті шарттарды бұзса, оның нақты жаза өтейтіні;
- г) соттың жәбірленушіге келтірілген залалды қайтару, сондай-ақ сот шығындарын төлеу туралы шешім қабылдайтындығы;
- д) егер акт бекітілсе, сотталуши, сондай-ақ жәбірленуші тағайындалған жаза мен рәсімдеу нормаларының бұзылуына байланысты ғана үкімге шағымдануына алатындығы;
- е) тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасаудың нәтижесінде ол істі толық рәсім бойынша қарау құқығынан айрылатыны туралы түсіндіреді.

4. Корғаушы прокурор мен айыпталушиның арасындағы айыпкердің тағылған айып көлемімен келісуі туралы келісім өзінің қатысуымен жасалғаны туралы, осы баппен көзделген акт жасау тәртібі сақталғаны және айыпталушиның өзінің кінәсін мойындауы олардың алдын ала құпия келісімінің нәтижесі екенін жазбаша күзланырады.

5. Тағылған айып көлемімен келісу туралы актімен бірге істі сотқа жіберер алдында осы Кодектің талаптарына сәйкес айыпталуши мен оның қорғаушысына танысу үшін

іс материалдары, сондай-ақ айыптау қорытындысы ұсынылады.

504-3-бап. Соттың тағылған айып көлеммен келісу туралы акт жасалған қылмыстық істі қарастырылады.

1. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт бойынша істі қарастырылады. Соттың тағылған айып көлемімен келісу туралы акт бойынша істі қарастырылады. Соттың тағылған айып көлемімен келісу туралы актің өз еркімен жасады ма; оның тағылған айыптауынан көлемінен алған күннен бастап 10 күн ішінде жүйеге асырылады және осы Кодекстің 41-тaraуының ережелерін сақтай отырып басталады.

2. Соттың тағылған айып көлемімен келісу туралы актің өз еркімен жасады ма; оның тағылған айыптауынан көлемінен алған күннен бастап 10 күн ішінде жүйеге асырылады және осы Кодекстің 363-бабының талаптарын сақтай отырып жүргізіледі, бұл ретте хаттама толтырылады, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

а) сотталушы тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні өз еркімен жасады ма;
б) қорғаушының актіні айыпталушы өз еркімен жасағандығы туралы қуәлігі бар ма;
в) қорғаушының позициясы айыпталушының позициясымен сәйкес келе ме, бұл ретте айыпталушыдан мәселенің мәнісін түсүі нақтыланады;

г) келісімге қол қойғанға дейін айыпталушының кінәсін мойындау туралы актімен танысуға және оны өзінің қорғаушысымен талқылауға мүмкіндігі болды ма;

д) осы акт жәберленушінің, сотталушының және прокурордың арасындағы толық келісімді білдіре мем;

е) сотталушы өзінің кінәсін толық көлемде және өз еркімен мойындағы ма;

ж) сотталушы іс бойынша материалдармен және жиналған дәлелдермен танысты ма;
;

з) сотталушыға шын жауап беру қажет екендігі және басқа адамдарға қатысты жалған ақпарат бергені үшін қылмыстық жауаптылықта тартылатыны туралы ескертілді мем;

и) ол айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы мен айыптау қорытындысын алды ма және оны өзінің қорғаушысымен талқылады ма.

3. Осы баптың екінші бөлігінің талаптары сақталмаған жағдайда сот өзінің қаулысымен тағылған айып көлемімен келісу туралы актіден бас тартады. Осы баптың екінші бөлігінің талаптары сақталған жағдайда сот сотталушыдан тағылған айып көлемімен келісу туралы актіге қатысты өзінің позициясын қолдайтындығын сұрайды. Егер сотталушы осы актіні қолдаса, сот сот өндірісіне тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні қабылдайды, бұл ретте осы Кодекстің 303-бабымен көзделген жағдайлар мен тәртіпте сот өз бастамасымен немесе тараптардың өтінішімен істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы. Егер сотталушы кінәсін мойындау туралы актіні қолдамаса, ол өзін кінәлап отырған қылмыс жөніндегі жауабынан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда сот істі әдеттегі рәсім бойынша қарастырылады.

4. Сот тағылған айып көлемімен келісу туралы актіні қабылдамаған жағдайда, ол келісімнен бас тарту туралы қаулы шығарады, ол туралы прокурор осы қаулының көшірмесін алғаннан кейін 24 сағат ішінде жоғары тұрған сотқа шағым берсе алады. Тағылған айып көлемімен келісу туралы актіден бас тарту туралы соттың қаулысын

прокурор қолдаған жағдайда сот істі дереу әдеттегі рәсіммен қарауға құқылы.

5. Соттың шешімі хаттамаға қаулы ретінде енгізіледі.

504-4-бап. Тағылған айып көлемімен келісу туралы акт жасаған жағдайдағы үкім
қ а у л ы с ы

1. Тағылған айып көлемімен келісу туралы істер бойынша соттың шығарған үкімі
осы Кодекспен белгіленген тәртіpte, осы баптарға шегініс жасала отырып, қаулы
е т і л е д і .

2. Үкімнің кіріспе және сипаттау-дәлелдеу бөлігі осы Кодектің 378-379-
баптарында көзделген мәліметтерден басқа, істі тағылған айып көлемімен келісу және
акт жасасу тәртібінде қарау туралы нұсқама болуы тиіс.

3. Үкімнің резолюция бөлігінде осы Кодектің 380-бабындағы ережелермен
көзделген мәліметтер болуы тиіс.

4. Үкімді қаулы ету кезінде сот осы Кодектің 383 және 385-баптарында көзделген
мәселелерді шешу үшін, болуы тиіс.

5. Осы баппен белгіленген тәртіpte қаулы етілген үкімге апелляциялық тәртіппен
тек рәсімдік қателер мен белгіленген жазалау шарасына қатысты шағымдануға болады.
"

3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001
ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N
17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-
құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; 2003 ж., N 21-22,
1 6 0 - құжат) :

1) 55-баптың бірінші бөлігіндегі:

"ал" шылауы "жеке адамға қарсы құқық бұзушылығы үшін, сондай-ақ" деген
сөздермен аудастырылсын.

2) 63-баптың екінші бөлігіндегі "отыз" және "қырық бес" сөздері тиісінше "қырық
бес" және "тоқсан" сөздерімен аудастырылсын;

3) 69-баптың үшінші бөлігіндегі "әкімшілік құқық бұзушылық" деген сөздерден
кейін "сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мұддесіне қол сұғатын
қаржы және бюджет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық" деген сөздермен
толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 9-1 тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Жеке адамға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар
79 - 1 - бап. Ұрып - соғу

Тән ауруын келтірген, бірақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105-
бабында көзделген зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану
әрекеттерін жасау,

жырымадан жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не

отыз тәулікке дейін қамауға жазаланады.

79-2-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі (аффект) жағдайында зиян келтіру
Денсаулыққа кенеттен болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған,
жәбірленушінің зорлық жасауға, қорлауға немесе ауыр тіл тигізуге, не жәбірленушіні
өзге құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты,
сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына
байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайда
қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру, -

елуден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға
немесе отыз тәулікке қамауға жазаланады.

79-3-бап. Денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіру

Денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіру,-
елуден жүз елуге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға
немесе отыз тәулікке қамауға жазаланады.

79-4. Жыныстық ауруды жұқтыру

Озінде жыныстық ауру бар екендігін білген адамның оны басқа адамға жұқтыруы,
егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын жаза белгілері болмаса,-

елуден екі жүзеге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады
немесе отыз тәулікке қамауға жазаланады";

5) 84-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді лауазымды
адам жасаса, егер бұл әрекеттер азаматтардың құқықтары мен занды мұдделеріне зиян
келтіре, -

жиырмадан екі жүзеге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға
әкеп соғады";

6) 137-бап мынадай редакцияда жазылсын:

137-бап. Тиісті тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік
аттестатынсыз (куәлігінсіз) кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен не лицензиялау
шарттарын бұзумен айналысу

1. Тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), мұндай рұқсат, лицензия, біліктілік аттестаты (куәлігі) міндетті болған
жағдайларда кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен не лицензиялау шарттарын бұзумен
айналысу, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,-

құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарларды және (немесе) оған қатысты лицензиялық тәртіп белгіленген іс-әрекетті жүзеге асырудан
алынған кірістерді тәркілеп не онсыз және лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып,
азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды
адамдарға - қырыққа дейінгі мөлшерінде, занды тұлғаларға бес жүзге дейінгі
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалынған нақ сол іс-әрекеттер,- құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарларды және (немесе) оған қатысты лицензиялық тәртіп белгіленген іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған кірістері тәркіленіп және лицензиядан айыра отырып, азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерде, занды тұлғаларға жеті жүзге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады;

7) 159-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"159-бап. Тұтынушыларды алдау

1. Сауда қызметі мен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, кем тартуы, кем санауы, тауардың (қызмет көрсетудің) тұтынушылық қасиеттері немесе сапасына қатысты шатастыруы немесе тұтынушыларды өзгедей алдауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекеттердің белгілері болмаса, азаматтарға - үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға бестен жиырмаға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол әрекеттер,-

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып және қызметін тоқтата немесе тыйым сала отырып, азаматтарға - жиырмадан елуге дейінгі айлық есептік көрсеткіш, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8) 356 - б а п т а :

баптың атауы "кедергі келтіру," деген сөздерден кейін "қаулыларын" деген сөзben тоғызылсын;

ү ш і н ш і б ө л і г і н д е :

"нұсқауларды" деген сөзден кейін "қаулыларды" деген сөзben толықтырылсын;

"он беске дейінгі" деген сөздер "оннан жиырма беске дейінгі" сөздермен аудастырылсын;

9) 541-баптың бірінші бөлігінде:

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "79-1, 79-2, 79-3, 79-4" деген сандармен тоғызылсын";

"158" санынан кейін "159 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын";

10) 543 - б а п т а :

бірінші бөлігінде "159" саны "бірінші бөлігі" деген сөздермен толықтырылсын";

екінші бөлігіндегі 2) тармақта "159" санынан кейін "бірінші бөлігінде" деген сөздермен тоғызылсын";

11) 570-1-баптың бірінші бөлігінде "159" санынан кейін "бірінші бөлігінде" деген сөздермен тоғызылсын";

12) 618-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен
толықтырылсын:

" 8) т е к с е п у ;

9) жеке адамның алкогольмен, есірткімен және уытқұмарлықпен масаю күйін м е д и с и н а л ы қ кү ә л а н д ы р у . ";

1 3) 6 2 0 - б а п т а :

9) тармақшада "мен қаржы полициясы" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) басқару және мемлекеттік билік институттарының белгіленген тәртібіне қол сұғатын кәсіпкерлік, сауда және қаржы, салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволылығына сәйкес - қаржы полициясы органдарының лауазымды адамдары;";

14) 625-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алып келуді қаржы полициясы органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қаржы полициясы агенттігі белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан соттың, органның (лауазымды адамның) үйғарымы негізінде ішкі істер және қаржы полициясы органдары жүргізеді.";

15) мынадай мазмұндағы 627-1 және 627-2-баптармен толықтырылсын:

6 2 7 - 1 - б а п . Т е к с е р у

Әкімшілік құқық бұзушылықтың іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру кезінде жағдайларды анықтау мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттігі шегінде сол жерді, заттарды, құжаттарды, тірі қалған адамдарды тексеруге құқылы.

627-2-бап. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері

1. Тексеру, әдетте, қажет болған кезде дереу жүргізіледі. Тексеру жүргізілгені тұралы хаттама толтырылады.

2. Тексеру күәгерлердің қатысусымен жүргізіледі. Ерекше жағдайларда ғана (бару қындық тудыратын жерлерде, қажетті байланыс құралдары болмаса немесе объективті себептерге байланысты азаматтарды күәгер ретінде тарту үшін мүмкіндік болмаған кезде) тексеру күәгердің қатысусының, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін техникалық бекіту құралдарын қолдана отырып, жүргізіледі.

3. Қажет болған жағдайда тексеру құқық бұзушының, жәбірленушінің, күәгерлердің сондай-ақ маманың катысуымен жүргізіледі.

4. Табылған іздер мен өзге де материалдық объектілерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық болған жерде жүргізіледі. Егер тексеруге қосымша уақыт қажет болса немесе тексеру жүргізілетін жерде елеулі қындық туындайтын болса, объектілер алынып, қатталады және мөр басылып, тексеруге қолайлы жерге бүлінбей жеткізілуі

М Ү М К И Н .

5. Тексеру кезінде табылған және алынған заттар күәгерлерге, басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуі тиіс, бұл жөнінде хаттамаға белгі қойылады.

6. Алып қоюға тек қана іске қатысы бар объектілер жатады. Алынған объектілер қатталады, мөрленеді және уәкілетті лауазымды адам мен күәгерлердің қолдарымен күәландағы рылады.

7. Тексеруге қатысушы адамдар олардың пікірінше істің мән-жайын анықтауға ықпал етуі мүмкін нәрсеге уәкілетті лауазымды адамның назарын аударуға құқылы.

8. Қажет болған жағдайларда тексеру кезінде тексерілетін объектілер өлшенеді, жоспарлары мен сыйбалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіріліп, басқа да құралдармен жазылып алынады, бұл туралы хаттамаға белгі жасалады, оған аталған материалдар

қоса тіркеледі.;

1 6) 6 3 6 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі 1-тармақта:

екінші а б з а ц т а :

"ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін "79-1 - 79-4," деген сандармен тоғызытырылсын;

"136," деген саннан кейін "159 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен тоғызытырылсын;

жиырма екінші а б з а ц т а :

"172" деген саннан кейін "177" деген санмен тоғызытырылсын;

"188" деген саннан кейін "356" деген санмен тоғызытырылсын;

жиырма алтыншы а б з а ц т а : "158" санынан кейін "159 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен тоғызытырылсын;

мынадай мазмұндағы қырық бірінші а б з а ц т а : тоғызытырылсын:

"Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен мәслихаттардың ревизиялық комиссияларының (177, 356-баптар).";

17) 638-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен тоғызытырылсын:

"3. Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптау қорытындысы алынған сәттен бастап бір тәулік ішінде толтырылады.

".

Қазақстан Республикасының

Президенті